

Мемлекеттік реттеу оңтайлы теңгерімді және макроэкономикалық тұрақтылықты қолдау мақсатында әлеуметтік-шаруашылық процестеріне мемлекеттің әкімшілік-құқықтық қатысудың нысаны болып табылады [1].

Ал, агроөнеркәсіптік кешенін реттеуге келетін болсақ, мұнда біз ауылшаруашылық өнімін, шикізатты, тағам өнімдерін өндіру процестеріне, қайта өндіруге және өткізуге, сонымен қатар агроөнеркәсіптік өндіруін материалдық-техникалық қамтылуына және жабдықтап, қызмет көрсетуіне мемлекеттік әсер етуін байқаймыз.

Экономиканы реттеудің объективтік негіздерін ашу үшін осы ұғымды ғылыми тұрғыдан анықтау қажет. Қолданыстағы әдебиеттерде осы мәселенің толық ашылуы әлі де орын тапқан жоқ. Экономиканың макроэкономикалық реттеудің әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, нарықтық экономикасы дамыған елдері де мемлекет нарықтық экономикаға араласпағандай болмайды. Нарықтық экономикасы дамыған елдерінің құзырлы мамандарының талдауы мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын әлеуметтік-экономикалық процестерін реттеуге арналған шараларының объективтілігі туралы қортыныды шығаруға мүмкіндік береді [1].

Швед экономикасының моделін құрастырушысы Класс Эклунд келесі тұжырымдаманы шығарды: «Қандай да болсын елде де реттелмейтін нарығы болу мүмкін есем, осындай, тіпті ешқашан да болған емес». Сондықтан зерттеуші мемлекеттік реттеудің қажеттілігін дәлелдей отыра, мемлекеттік реттеу ұжымның өнімді шығаруын тиімділеу мен табыстарды әділ бөлуге мақсатталатыны туралы айтады [2].

Ағылшын экономисі Дж.М. Кейнстің шаруашылықтың нарықтық моделі субъектілерінің қызметін белсендетудегі мемлекет атқаратын маңызды рөлі туралы ғылыми қорытындыларын шығара отырып, айтқаны бар: «...тұтыну және инвестициялауға итермелеу мақсатымен мемлекеттің функцияларын кеңейту жеке меншік құқықтарын бұзу болып көрінсе де, керісінше осындай әрекетті қорғау керек, себебі бұл қазіргі таңда экономикалық реформаларын жүзеге асыру жалғыз практикалық тұрғыдан мүмкін тәсілі және жеке бастаманы қолдау шарты болып табылады» [3].

Аграрлық өндірістің тұрақты дамуы экономиканың өсуіне және халықтың қажеттіліктерін қамту деңгейін арттыруына мүмкіндік береді. Мұнда басым орын тағам өнімдерін өндіру деңгейін арттыруға беріледі, себебі қазіргі уақытта әр мемлекет үшін тек осымен ғана елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтуға болады. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, аграрлық протекционизм және ауылшаруашылық өндірушілерін қолдау

белсенді саясаты басым стратегиялық ретінде қарастырылады, яғни осындай саясат өндіру деңгейін арттыру арқылы елді өзінің азық-түлігімен қамтуға жағдай жасайды. Нарықтық жағдайда шаруашылық жүргізудің ауылшаруашылық секторын мемлекеттік қолдауы объективтік қажеттілікке айналады. Ерекше сипаты бар ауыл шаруашылығы тек өз өнімін өткізу арқасында табысқа жете алмайды, оның өнім шығындарын жабу, жерлерін сақтау т.б. проблемалары ауылды әлеуметтік дамытуға өз қаражаттарымен мүмкіндік бермейді.

Жетекші әлемдік елдерінің тәжірибесі дәлелдегендей, мемлекеттік қолдау – қазіргі заман талабына сай аграрлық өндірудің және азық-түлік нарығының қалыптасу және өсуінің міндетті шарты [4].

Мемлекеттік қолдау механизмдерін келесі тұрғыда жіктеуге болады:

* қаржыландыру көздеріне байланысты қолдаудың бюджеттік механизмі - барлық деңгейлердегі бюджеттер есебінен бюджеттік қызметтер көрсетіледі, бюджеттен тыс – республикалық, аймақтық бюджеттер қаражаттарын жұмсалудың жоспарламайтын экономикалық саясаттың шаралары, оның ішінде бағалар мен тарифтерді реттеу, өнім импортты мен экспортын сыртқы сауда реттелуі, жеңілдіктер беру, тыйым салу, шектеу қою;

* ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына бағытталған шараларын жүзеге асыру мерзіміне қарай: қысқа мерзімдік – бір жылға дейін, ұзақ мерзімдік - бір жылдан аса;

* деңгейіне қарай мемлекеттік қолдаудың екі түрін анықтауға болады: аймақтық – агроөнеркәсіптік кешенді қолдау тек белгілі аймаққа тарайды; республикалық – ауылшаруашылық өндірудің тиімділігін арттыру шаралары елдің бүкіл аумағында тарайды.

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау негізгі механизмдерінің топтастырмасы келесілерден құралады:

✓ агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру көздеріне қатысты АӨК мемлекеттік қолдаудың бюджеттік және бюджеттен тыс механизмдері деп ажыратылады;

✓ мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру мерзіміне қатысты АӨК мемлекеттік қолдаудың қысқа мерзімдік (бір жылға дейін) және ұзақ мерзімдік (бір жылдан аса) деп бөлінеді.

Зерттелген әдебиеттердің талдауы көрсеткендей, агроөнеркәсіптік кешеннің құрамдас бөлшегі ретінде анықталатын ауылшаруашылыққа қатысты мемлекеттік қолдаудың келесі механизмдері қолданылады:

- салық саясаты (салық мөлшерлемелерін тағайындау және дифференциалау, салық төлеу жеңілдіктерін енгізу, салық төлеуден босату, аграрлық кешеннің кейбір тауарлар түрлеріне салық салуындағы дифференциалау және т.б.);



- ақшалай – несиелік саясат: мемлекеттің ақша айналымына әсер етуі. Инвестициялау жобаларын несиелендірудегі басымдық және жеңілдіктер бойынша шаралары, ауылшаруашылық дақылдарының кейбір түрлерінің егіндерін сақтандыру жеңілдіктері, әсіресе тәуекел шаруашылық аймақтарында және т.б.;

- бюджеттік саясат – мемлекеттік органдарының бюджеттік қаражаттарын белгілі бір мерзімде түрлі бағыттар бойынша, халықтың басым әлеуметтік топтарына қомақты бюджеттік ассигнациялауды бөлу құқығы бар. Мемлекет агроөнеркәсіптік кәсіпорындарға арналған несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерінің субсидиялауын жүзеге асырады, аймақтық азық-түлік қорларын құрады, сақтандыру, лизинг келісімдері бойынша шығындарын толық немесе үйлесімдік қаржыландыруды өткізеді;

- баға саясаты – жалпы қоғам үшін маңызды тауарлар мен қызметтердің кейбір түрлеріне бағаларын реттеу, шектеулі бағаларын бекіту, баға мөлшерлемелерін анықтау үшін монополист кәсіпорындарының рентабельділігінің шектеуін белгілеу [5];

Ішкі нарықтағы бағалары импорт бағаларынан жоғары болып, отандық тауарды өткізуі қиындаса, бағалар мониторингін жоғарылатып, олардың сатып алу және ауылшаруашылық өнімін жеткізуінің көлік тарифтерін тауарлық интервенциясын салыстыруын арттыру мақсатында ауыл шаруашылығында шаруашылықтарға қайта өндіруді кеңейту үшін жеткілікті табысқа ие болатындай шаурашылықтарға минималдық рентабелдікті қамтитын деңгейде мемлекеттік органдары бекітетін кепілдік бағалар механизмі қолданады:

- жоспарлау, оның аграрлық секторын мемлекеттік қолдауда алатын орны бөлек. Негізгі құралдары – болжамдар, мақсатталған бағдарламалар, ұсыныстар сипаты бар перспективтік және ағымдағы жоспарлар. Мұнда қабылданатын шешімдердің жағымды әсерлерін көрсететіндей түрлі тағайындалуы бар және қажетті мөлшерде нарықтық қатынастарын шектейтін бағдарламалар мен жоспарларын болжамдау, әзірлеу кіреді;

- бюджеттен дотациялар – шығындарын жабу үшін сатылған өнім үшін кәсіпорындарға мемлекеттік бюджеттен бөлінетін ассигнациялар, оның ішінде жоспарланған, мысалы, тұтынушылардың шығындарын төмендету үшін азық-түлік тауарлары бағаларына дотациялар;

- білім беру саласын, денсаулық сақтау саласын, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік саясатты қолдау – агробизнес үшін қажетті тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулерді қолдау, ауыл әлеуметтік саласын дамытуын қолдау (еңбек жағдайын, еңбек қатынастарын, еңбекақы төлеу жүйесін, зейнетақы төлеу жүйесін, мүгедектерге жәрдемақы, балаларға жәрдемақы, ауыл тұрғындарының өмірі мен

денсаулығын сақтандыру), табиғатты қорғау шаралары;

- мемлекеттік тапсырыс, мемлекет ірі өнімге тапсырыс беруші болып шығады;

- экономикалық қызметінің белгілі түрлеріне шектеу және тыйым салу механизмі, мемлекеттік лицензиялау және тіркеу;

- сыртқы экономикалық саясат, мұнда кедендік баж, валюта айырбастау бағамы, шетелдік заемды, инвестицияларын қолдану мөлшерлемелері, валюталық шектеулер заңмен бекітіледі [6].

Мысалы, отандық тауарөндірушілерін және азық-түлік нарығын қорғау мақсатында ауылшаруашылық өнімі және азық-түлік импорты және экспортына квоталар мен кеден баждарын бекіту.

Жоғарыда қарастырылған барлық мемлекеттік қолдау механизмдері мемлекеттік қаражаттарды жұмсауды талап етеді. Олар келесі міндеттерді шешуге мақсатталған: аграрлық өндірудің тиімділігін, бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру, ауылшаруашылығының реттелген экономикалық механизмін қалыптастыру, инновациялық қызметті ынталандыру, қорлардың, жерлердің қолдануын жақсарту, нарықтық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, ауылдағы жұмыссыздықты жою, еңбекақы төлеу деңгейін көтеру.

Аграрлық қатынастарын мемлекеттік реттеу бастапқы кезеңде, ауылшаруашылық өнім өндірушілердің құқықтық дәрежесін, олардың жер, салық, еңбек, мүлкілік, қаржы-несиелік және басқа қатынастарындағы құқықтары мен міндеттерін анықтайтын заң мен заңдылық-нормативтік актілерін шығару арқылы жүзеге асырылады.

Аграрлық қатынастарын қайта құруда заңдылық базаның маңызы зор. Осы бағыттағы академик А.А. Никоновтың пікірімен толық келісеміз. Ғалымның айтуы бойынша, «нәтижелі жұмыс істейтін ауылшаруашылық модельдері келесілермен сипатталады: жақсы құқықтық қоғам, меншіктілік, шаруа қожалықтары, жақсы жұмыс істейтін сервис, сенімді инфрақұрылым, мемлекеттің ақылды интервенциясы, баға паритеті үшін үздіксіз күрес, ауыл тұрғындарын әлеуметтік қорғау».

Аграрлық реформасын жүзеге асыру мерзімінде аграрлық қатынастар саласында заңдылықты жақсарту бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілген.

Кеңес Одағында агроөнеркәсіптік кешен, халықтың қажеттіліктерін толық қамтымайтын, бірақ тұрақты жұмыс істейтін жүйе болған. Көптеген жылдар бойы осы жүйені үкімет басшылығы сынап, ауыл шаруашылығын қайта құру бойынша көптеген шешімдер, қаулылар, заңдар қабылданатын. Осыған қарамастан ауылшаруашылық кешені құқықтық жағынан заңдылық актілері, үкімет қаулылары мен



партия органдарының шешімдерімен қамтылған жүйе болған [7].

Яғни аграрлық реформалауды мемлекеттік реттеуде басты рөл аграрлық заңдылыққа берілген болатын.

Аграрлық реформалауды тиімді құқықтық реттеу мақсатында мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын тұрақтандыруға бағытталған бір қатар нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Осыған орай келесі құжаттарды атап кеткен жөн: Қазақ КСР 1991 жылғы 13 ақпандағы «Ауыл және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту басымдылығы туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 31 наурыздағы «Шаруа немесе фермерлік қожалығы туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы 2000 жылғы «Ауыл шаруашылық серіктестіктері туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамытудың стратегиясы туралы және ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамыту стратегиясын іске асыру жөніндегі кеңейтілген шаралардың жоспары туралы» Қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметі 2010 жылғы 12 қазандағы № 1053 Қаулысымен бекітілген «2010–2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Үкіметі 2013 жылғы 12 ақпандағы Қаулысымен бекітілген «2013–2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша бағдарламасы (қысқартылған «Агро-бизнес 2020»).

Қазіргі таңда қолданыстағы экономиканың аграрлық сектордың заңдылық базасы нарықтық экономиканың талаптарына, халықаралық тәжірибе нормаларына сәйкес келеді және тауар өндірушілердің кәсіпкерлік бастамаларын қорғау мен қолдауға бағытталған.

Жүйелілік түрде жүргізілген жанғыртулар нәтижесінде Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы нарыққа бағытталды. Селоға меншік иесі келді, ауыл тұрғындарының менталитеті өзгерді, нарықтық принциптеріне негізделген жаңа өндірістік қатынастар қалыптасты.

1997 жылдан бастап жалға алу және кепілдікке беру қатынастары дамыды, аймақтық жер нарықтары қалыптасты, жерді пайдалану көрсеткіштерін ескере отырып, жерді тағайындалып пайдаланбағаны үшін санкциялар күшейтілді.

Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде агроөнеркәсіптік кешенді әрі қарай кеңейту және агроөнеркәсіптік кешенінің заңдылық базасын жетілдіру бойынша үлкен жұмыс өткізілді. Осы қатарда Жер, Су, Орман Кодекстерін қабылдау ерекше орын алады. Аталған Кодекстер жеке бастаманы дамытып, ауылшаруашылық тауар өндірушіге мемле-

кетпен бірегей табиғи ресурстарын қолдану үшін жауапкершілікті арттыруға жағдай жасады. Жер Кодексінде бекітілген ауылшарушылық тағайындалуы бар жерлерге жеке меншік иелік институтының маңыздылығы туралы айтып кету керек. Жер қатынастарын реформалау және ауылшаруашылық бағытындағы жерлерді нарықтық айналымға қатыстыру бойынша тарихи қадам жасалды.

Су Кодексі және басқа да заңдылық-нормативтік, құқықтық актілері қабылдауымен су шаруашылығы саласындағы қатынастарды реттеуге жағдай жасалды, қызметтер реттелді, мемлекеттік органдардың, суды пайдаланушылардың және мемлекеттік органдарының құзыреттері анықталды, мемлекеттік бақылаудың жүйесі құрылды.

Жаңа Орман Кодексінде қаланған нормаларын енгізу арқылы жергілікті атқарушы органдарының орман ресурстарын қорғау, жаңарту, пайдалану, осы салаға жеке капиталды қатыстыру үшін жауапкершілігі арта түсті.

Ауыл шаруашылығы саласын қолдау, әсіресе азық-түлік нарығын қолдау, мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады.

Өлемнің дамыған елдерінде ауыл шаруашылығы мемлекет тарапынан қолдау табады. Халық шаруашылығының осы саласы нарық пен бәсекелестікке қабілеті төмен сала.

Агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік реттеудің қажеттілігі бірқатар жағдайлармен шартталған, олардың ішінде әдеттегідей келесілерді атап көрсетуге болады:

> агроөнеркәсіптік және шикізат нарықтарының макроэкономикалық жағдайларына әсер етуі;

> табыстарды әділ экономикалық бөлуін қамту саласындағы нарықтың ұтымсыздығы;

> ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігіне табиғи факторларының әсер етуі;

> селолық аумақтарының демографиялық рөлі.

Және де агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері ретінде келесілер анықталады: агроөнеркәсіптік өндіруді дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамту, нарықтарды реттеу, ауылшаруашылық және басқа да экономика салалары арасындағы экономикалық паритеттерін қолдау, экономиканың аграрлық секторын басқарудың тиімді жүйесін құру, секторда бірыңғай ғылыми-техникалық саясатын жүзеге асыру, отандық тауар өндірушілерін қорғау және т.б.

Тәуелсіздікке ие болғаннан бастап Қазақстан Республикасы басқа елдермен қатар экономиканы жанғыртуды және экономиканың барлық секторларын реформалауды бастады. Нарықтық экономикадағы аграрлық саласы мемлекеттік реттеу мен нарықтық реттегіштерін тиімді біріктіруін талап етеді, сондықтан ауыл шаруашылығында және байланыс салаларында макро- және микро-

.....

Сонымен қатар, мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруда, тағы да басқа бірқатар факторларды ескеру керек:


- ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы азық-түлік аумақтарын құру негізінде ел аумағының топырақ-климаттық және экономикалық потенциалын тиімді қолдану мақсатында өндіруді оңтайлы орналастыру;

- өсімдік шаруашылығының шығымын және мал өсіру өнімділігін арттыруға арналған технологияларын қолдану;

- ауыл шаруашылығына әлеуметтік шиеленістердің, саяси тұрақсыздық пен қоршаған ортаның деградациялауының әсер етуі.

Қорыта келе, жоғарыда көрсетілген факторларға қарай аграрлық секторының басым бағыттарын мемлекеттік реттеу аумақтық-экономикалық сипатына байланысты жүзеге асырылады.

Мемлекеттік реттеудің негізгі құралдарын атап шығып, сұлбалық (нұсқалық) картаны қарастыруға болады. Мұнда тұрақтандыру және дамыту механизмдері, мақсаттарды анықтау және жинақтау механизмдері қарастырылған, олар кішігірім топтастырмаларға бөлінеді (сурет).



Сурет. Агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік реттеудің жалпы нұсқасы

Осы құралдар топтарына тоқталатын болсақ, ерекше назарды мемлекеттік қолдаудың жаппай саласына – агроөнеркәсіптік кешені секторының субъектілерін ақпараттық және кеңестік қамтылуына аудару қажет. Қазіргі уақытта тауар өндірушілердің экономикалық және технологиялық мәселелеріне қатысты бейхабар болуын айтуға болады. Осыған

байланысты ақпараттық-кеңестік құрамын кеңейту қажет, оларды кеңейту мақсаты – тауар өндірушілеріне экономикалық және технологиялық сипаты бар хабарды жеткізу және ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді тиімді жүргізуді үйрету.

Үкімет тарапынан әрі қарай агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау шарала-

ауылшаруашылық өндірісін дамыту ауылдағы жұмыссыздық проблемасын шешуге мүмкіндік береді. Жұмыспен қамту жоғары деңгейі әлеуметтік тұрақтандыруды орнатуға жағдай жасайды. Мемлекеттің ресурстары жеткіліксіз болса да, ауылдың бүкіл әлеуметтік проблемаларын шешу үшін ауылшаруашылық өндірісін дамытуға жағдай жасалу керек.

Үшіншіден, ауылшаруашылық саласын дамыту нәтижесінде бүкіл экономика үшін маңызды мультипликациялық тиімділігін ескеру керек. Ауыл шаруашылығы, әсіресе бидай және ет өндіру ішкі сұраныстың генераторы болып табылады, ауыл шаруашылығының басқа салалармен байланыс деңгейі өте жоғары екенін ескеру керек.

Төртіншіден, Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамыту және отандық өнімді сыртқы нарықтарға өткізу үшін барлық ресурстары бар. Болашақта бұл сала валютаның нақты және маңызды көзі бола алады. ал мемлекет өнімнің бәсекелестікке қабілеттілігін арттырып, республика аумағында және сыртқы нарықтарда көліктік коммуникацияларының проблемаларын шешуі керек.

Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан 2017-2021 жылдарға арналған ҚР АӨК дамыту бойынша мемлекеттік бағдарлама қабылданған. Бағдарлама мақсаты – нарықта сұранысқа ие болатын өнімді АӨК шығаруын қамту. Бағдарламада АӨК дамытудың басым бағыттары көрсетілген, оның ішінде ауыл-шаруашылық өнімін өткізумен айналысатын қожалықтарын, кооперативтерін құруын ынталандыру бойынша шаралар, ауыл тұрғындарын несиелендіру, оларға сервистік қызмет көрсету, қаржы құралдарының қолжетімділігін қамту, алыс шетелден қымбат техниканы сатып алу үлесін азайту, Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық өнімін өндірушілерін қолдаудың жаңа нысандарын енгізу. Атап кеткенде, ауылшаруашылық дақылдарын диверсификациялау, тұқымдық малды өсіруді дамытуды қолдау, жер ресурстары базасының жаңа электрондық форматын қалыптастыру. Сонымен қатар АӨК мемлекеттік реттеу шеңберінде ғылым мен практика арасындағы байланысты қамту бойынша шаралар жүзеге асырылуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Эпштейн Д.Б. Государственное регулирование сельскохозяйственного производства в условиях перехода к рынку // СПб: Издательский дом «Литера». - 2008. – С. 56-57.

2 Даниленко Л. Обоснование необходимости государственного регулирования аграрного сектора //АПК: экономика, управление.- 2009.- №3.- С.43-46.

3 Сигарев М.И., Нуркужаев Ж.М. Государственная поддержка аграрного сектора

77

Проблемы агрорынка, январь – март / 2017 г.

Екіншіден, тұрғындарының 42,6 пайызы аулды мекенжерлерінде тұратын ел үшін

Казахстана //Проблемы агрорынка. -2016. - №1. - С.65-72

4 Роговский Е.И. Региональный механизм поддержки и регулирования агропромышленного комплекса. - Барнаул: АГУ, 2009. - 189с.

5 Белокрылова О.С., Яковлев А.П., Яковлева Е.П. Механизм государственного субсидирования сельского хозяйства регионов. - Ростов на Дону, 2013.- 144с.

6 Баранова Н.А. Государственная поддержка аграрного сектора экономики // Проблемы агрорынка. -2015.-№4.- С.44--51.

7 Кузнецов В. Государственная финансовая поддержка регионального АПК нуждается в совершенствовании // АПК: экономика, управление. -2012.- №3.- С. 36-41.

Pajdalanran ədəbietter tizimi

1 Jepshtejn D.B. Gosudarstvennoe regulirovanie sel'skoxozjajstvennogo proizvodstva v uslovijah perehoda k rynku //SPb: Izdatel'skij dom «Litera».-2008. – S. 56-57.

2 Danilenko L. Obosnovanie neobhodimosti gosudarstvennogo regulirovanija agrarnogo sektora //APK: jekonomika, upravlenie.- 2009.- №3.- S.43-46.

3 Sigarev M.I., Nurkuzhaev Zh.M. Gosudarstvennaja podderzhaka agrarnogo sektora Kazahstana //Problemy agrorynka. -2016. - №1. - S.65-72

4 Rogovskij E.I. Regional'nyj mehanizm podderzhki i regulirovanija agropromyshlennogo kompleksa. -Barnaul: AGU, 2009. - 189s.

5 Belokrylova O.S., Jakovlev A.P., Jakovleva E.P. Mehanizm gosudarstvennogo subsidirovaniya sel'skogo hozjajstva regionov. -Rostov na Donu, 2013.- 144s.

6 Baranova N.A. Gosudarstvennaja podderzhka agrarnogo sektora jekonomiki // Problemy agrorynka. -2015.-№4.- S.44--51.

7 Kuznecov V. Gosudarstvennaja finansovaja podderzhka regional'nogo APK nuzhdaetsja v sovershenstvovanii // APK: jekonomika, upravlenie. -2012.- №3.- S. 36-41.